

Бейсембаев Г.Б.

**ОҚУШЫЛАРҒА КАЗАК БАТЫРЛАРЫНЫҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ
БӨГЕНБАЙ БАТЫРДЫҢ ЕРЛІК МҰРАСЫ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚ
ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ**

Бейсембаев Г.Б.

**НЕКОТОРЫЕ ПУТИ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ
УЧАЩИХСЯ ПОСРЕДСТВОМ ПОДВИГА КАЗАХСКИХ ГЕРОЕВ, В ТОМ ЧИСЛЕ
МУЖЕСТВА БОГЕНБАЙ БАТЫРА**

G.B. Beisembaev

**SOME WAY OF PATRIOTIC EDUCATION OF PUPILS
BY MEANS OF THE HEROISM OF KAZAKH HEROES, INCLUDING
COURAGE BOGENBAI BATYR**

УДК:371/56:56

В статье рассматривается патриотическое воспитание учащихся путем изучения героического наследия Батыра Богенбай.

This article examined patriotic education of the student by studying heroic heritage of batyr Bogenbay.

This article examined patriotic education of the student by studying heroic heritage of batyr Bogenbay.

Жалпы білім беретін мектептерде патриотизмге тәрбиелеу эртүрлі құралдар арқылы, соның ішінде қазақ батырларының ерлік мұралары арқылы жүзеге асыру тәрбие саласында тиімді орын алады.

Осы орайда өз кезегінде ойсыраған олқылығымыздың орныш тодықтырған қазақ батырларының елін, жерін қорғау үшін болған шайқастардағы жанкештілігі болса, соның ішінде Бөгенбай батырдың ерлік мұрасы бүгінгіміз бен ертеңімізге оң бағыт-бағдар беретін осындай танымдық-тәрбиелік мәні зор құнды құралдардың бірі болып шығады. Жоғарыда айтып өткендей, патриотизм - адам тұлғасының оның рухани дүниесі мен тіршілік әрекетінің барлық жақтарымен байланыстағы маңызды, түпсіздікті қасиеттерінің бірі. Патриотизмде тұлғаның дүниетанымдық жетілуі, адамгершілік сенімділігі, құндылық бағыт-бағдары, оның өмірлік көзқарасы, тәжірибелік мінез-құлық көрсе-тіледі. Сондай-ақ өнердің адамға жан-жақты әсер ете алатын қасиеті болғандықтан, ол оған барлық осы аспектілерді, патриоттық сана, сезім және әрекетті қалыптастыруға қабілетті.

Бөгенбай батырдың ерлік мұрасы патриотизм идеясын ерекше айқындылықпен, әсерлілікпен білдіруде өте қабілетті. Адамның патриоттық сезіміне әсер ететін нәрсенің бәрі: Бөгенбай батыр дүниеге келген жер, табиғат көрінісі, батырдың балалық шағы мен жорыққағы ерлік мшездері мен іс-әрекеті Бөгенбай батыр туралы аңыз әңгіме мен тарихи әңгімелерде өзіндік көрінісін табады, оқушылардың сана-сезімінде жоғары әсермен жанданады, сол арқылы оқушы көңіл-күйінің бастауына жылылық әкеледі.

Осыларды бәлгілікке ала отырып, Бөгенбай батыр туралы тарихи деректердің әсерін, сол арқылы

патриоттық тәрбие берудің өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін атап өту қажет.

Бөгенбай батыр туралы тарихи деректерде батырдың ерлік мұрасы патриотизм идеясын ерекше айқындылықпен, жарқындылықпен білдіруге қабілетті. Адамның патриоттық сезімін оятатын туған ел, туған жер, табиғат көріністері мен оларға деген сүйіспеншілік сезімдері осы патриоттық сезімнен туындайтын патриоттық сезімдерден бастау алады.

XVIII ғасыр қазақ халқы тарихында қасіретті де ерлікке толы кезеңдердің бірі болды. Осы кезеңде қазақ даласы жоңғар басқыншыларының, Қоқан, Парсы, одан кейін Қытай феодалдарының шапқыншылығына қатты ұшырады. Қазақ хандығы Жетісу өлкесінен айрылып, орасан зор әлеуметтік-экономикалық күйзелістерді бастан кешірді, жат жерге қуылды. Жоңғарлардың 1723-1725 жылдар арасындағы шапқыншылығы қазақ халқы өмірінде «Ақбаба шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталды. Бұл кезең қазақ тарихында сонымен бірге үлкен ерлік істерімен де белгілі болды.

Жоңғарлармен соғыс ұзақ жылдарға созылды. Алайда халықтың жігер-қайратының арқасында және Отан үшін, жер-ана үлгі өзін құрбан ету мен жауынгерлік өнердің жоғары үлгісіне қорсету нәтижесінде қазақ елі жоңғар басқыншыларынан азат болды. Жоңғар шапқыншыларына қарсы халық қозғалысын Абылай хан өте шеберлікпен ұйымдастырды. Оның жорықтары, батырларының ерлігі, батылдығы, айлакерлігі әрбір қазақ баласына үлгі-өнеге.

Абылайдың зеректілігі, ақыл-парасаты, өз халқына деген қамқорлығы баршаға танымал. Ол халық үшін күресіп, қазақ қоғамының ілгері басуына ықпал етті. Өзінің іскерлігімен, терең ойлылығымен қазақ елін ықпалы жоғары мемлекеттермен тең дәрежеде ұстай білді.

Қазақ тарихының Геродоты атанған А.Левшин: «Абылай өзінің қадір-қасиетін жақсы түсінді, жұртты ақыл, айламен, сабырлы салмақшылығымен маңайына топтастыра білді. Жауын сұсымен де, күшімен де сескендіре отыра, ол өз қалауымен біресе Ресейдің, біресе Қытайдың бодандығын қабылдауға

мәжбүр болғанымен, шын мәніде, ешкімге де мойынсұнбаған тәуелсіз басшы болды. Абылай тәжірибесі, ақыл-айласы жағынан болсын, қол астындағы халқының саны, күші жағынан болсын, сондай-ақ, өзінің Ресей патшалығымен, Қытайдың Богдо ханымен жүргізген тапқыр, шебер қатынастары жашнан болсын ез тұсындағышардың бәрінен де басым еді. Ол ұстамды, досықа мінәйім міверді, жауына қатал, қаһарлы кісі еді. Сондықтан жұртты өзіне тарта, ерте білетін еді» деп баға берді.

Абылай ханның ерлігі, қалмақ батыры Шырышты жекпе-жекте мерт қылуы Бөгенбай батырмен тікелей байланысты. Ол алғаш рет Бөгенбай батыр бастаған қолмен ұрысқа барады. Оны М.Қозыбаев былай деп суреттейді:

«Абылай 22 жасқа шыққан шағында Толе *биге сәлем бере келген Бөгенбай батырмен кездесіпті. Қалмақтарға барлауға барғанда батыр Сабалакты бірге ала кетіпті. Бөгенбай өте сыншыш жан екен, адамның да, малдың да асылын бір коргенде таниды екен. Бөгенбай батыр:

Шырағым-ай көзің отты бала екенсің,

Мінезің қазақтағы хан екенсің.

Жазға салым қалмаққа аттанамыз!

Соған да керек болар жан екенсің! - деп батасын беріп, астындағы Нарқызыл деген труппарын Әбілмансұрға ұсыныпты... Сонымен қатар Абылайды талай жорықтарға ерте жүріп, батырлық мектебінен өткізген батыры, ақылгөй кеңесші болып мемлекеттік қайраткерлік дәрежесіне жеткізген, хан сайлағанда

Абылайды хандыққа ұсынған халқымыздың қарт батырларының бірі - қанжығалы қарт Бөгенбай, - деп атап көрсетеді.

Қазақ батырына берілген бұл сипаттама батырдың жанкештілігін, ерлік ісін дәріптей отырып, оның ерлік мұрасының ұрпақ тәрбиесіндегі орнының ерекше екендігін ашып көрсетеді.

Абылай хан өзінің бүкіл саналы өмірін, ақш-ойы мен қажық қайратын қазақ халқының елдік мұратына сарқа жұмсады. Бұл жолда ол өзінің алдында откен Моде (Боғда), Бұмын (Елтеріс), Құлтегін, Керей, Жәнібек, Есім, Қасым, Тәуке қағандар мен хандар сияқты, алмағайып заманның қиын-қыстау сәттерінде ұдайы жеке басымен үлгі-энеге бола білді. Бұл ретте оны кошпелілер көсемінің соңғы тұяғы десе де болады. Қазақ халқының елдік тұтастығы мен дербестігін сақтап қалуда сіңірген еңбегі жөнінен Абылай ханның алар орны айрықша.

Оқушыпар -патриотизмді тек қана ерлік істермен емес, ақылдылықпен де қалыптастыруға болатынын, ел мен жер тағдыфы сыналар тұста керінген Абылай ханның эрекетінен анық байқайды. Оның қазақ елін басқару жолындағы эрекеттері, жайылымдардан бір жолата айрылып қалмау үшін істеген амалдары, ол үшін айналасындағы екі коршісімен тіл табысуға бастаған қадамдары, шығыспен де, батыспен де сауда-саттық жүргізу ісіне назар қойғаны осының дәлелі еді.

Абылай өзінің төңірегіне Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапфашты Наурызбай, Шақшақұлы Жәнібек, Қарақалпақ Қылышбек, Құламенді Жібекбай, Райымбек батыр сынды біртуар

батырларды тоятастыра білді. Батырлардың қайсыбірі болмасын, қалың қол бастап, ел қорғаған, ақыл-парасатымен, ержүректілігімен, иманжүзділігімен ел есінде қалған. Олардың ерлік істерін кейінгі ұрпақтар мақтан тұтып, солардай болуға талпынған.

Бөгенбай батырдың ерлік істерін, адами қасиеттерін халық өте жоғары бағалаған. Қанжығалы Бөгенбай атанған ол өзінің батырлық мен қолбасшылық дарыны арқасында үлкен құрметке болып, ел аузында ерлігі аңызға айналған. Өзінің туған жерін, елін қорғауда Бөгенбай батыр ерен қайратымен көзге түсті. Олжабай, Қабанбай, Малайсары секілді батырлармен тізе қоса отырып, халықтың тәуелсіздігі үшін күресті. Бөгенбайдың қалмақтармен және қытай әскерлерімен болған шайқастарда көрсеткен ерлігін көптеген ақын-жыраулар (Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар, Көтеш және т.б.) өз толғауларына қосты. Олардың көбі батырдың тұстасы, елінің намысын найзамен де, жігерлі жанымен де қорғай білген жауынгер ақын-жыраулар, Жалпы сол кездегі қазақ ақын-жыраулары найза ұшын иіскеп, алдаспан жүзін жалағак заманда жасады.

Жоңғар әскерлерінің қазақ жеріне басып кірген ірі эрекеті 1710-1711 жылдары болды. Оның халықтың жанына қанша батқандығы 1710 жылы Қарақұмда қазақ жүздері өкілдерінің жиналысы шақырылғанына қарап білуге болады. Бұл жиында жасақтың басшысы болып Бөгенбай батыр сайланады.

«Қазақ Ордасының тарихында тұңғыш рет ұлыс тағдыры ханға емес, сұлтанға емес, қара қылыш батырға тапсырылады. Бұл жылдардағы дүрбелең майданда Бөгенбай батыр бастаған қазақ әскері қалмақтарды тойтарады, келесі 1712 жылда ойрат ұлыстарының шегіне басып кіреді, біраз қоныстарын қайтарып, үжен жеңіске жетеді» - деп, оның тағылымдық рөлін баса көрсетеді.

Баһадүр Бөгенбай елінің бірлігін асырған, қас дұшпанның құтын қашырған қайраткерлігі осы бір кезеңде асқар шыңнан көрінді.

Жасынан елдің басынан өткен осы тар жол, тайғақ кешуді естіп өскен бала бірте-бірте өзінің патриоттық сезімін қалыптастырады, ерлік жасауға ұмтылады, ерлердің ісін, мұрасық құрметтеуге дағдыланады. Бұл қазақтың бойына туа біткен қасиет болып саналады. Олар жастайынан ерлікті емес, ерлікті үлгі тұтқак адамдар.

Бөгенбай тек батыр ғана емес, сонымен бірге үжен ақыл-ой иесі болған, елшілік жұмысына да қатысқан. Екі ортадағы бітім жөнінен Бөгенбай Қытайға елшілікпен барған деседі. Осы жолы Абылайдың Әділ деген баласын аманатқа береді. Сол қысылтаяң уақытта Қаракесек Қазыбек би Абылай ханға арнап сөз айтқанда Бөгенбайдың ерлігі мен ақылдылығын тілге тиек етіп:

Сүйеуге арқа жарайды,

Мынау көрші орысың.

Сәтсіздеу боп тынып тұр,

Боғда ханмен соғысың.

Тұрпанды шаіхқан Бөгенбай,

Жаратамын сол ісін, - деп қай уақытта болса да Бөгенбайдың орнының ерекше екендігін баса көрсетеді.

Қазыбек бидің бұл толғауының негізгі тақырыбының арқауы Отанды қорғау, батыр ерлігін мадақтау болып табылады. Осы идеяның негізінде батыр мен оның төңірегіндегі жауынгерлердің іс-әрекеті арқылы сол кезеңдегі халқымыздың моральдық-этикалық ойын бағалауға болады. Бөгенбай батыр туралы айтылған деректерде қазақ ұлында кездесетін үлгілі мінез-құлықтары жақсы көрсетілген. Олар: батырдың Отанына деген сүйіспеншілігі мен махаббаты, отбасына деген мейірімділігі, әке мен бала, бала мен ана арасындағы сүйіспеншілік сезімі, ерлік пен батылдық, достыққа, жолдасына деген адалдық, жоғары адами тазалық.

Бөгенбай батырдың образы сомдалғанда алдымен оның ғажайып адамгершілік қасиетін айту керек. Батыр туралы ел аузындағы аңыз жырларының бірінде «қан-төгілгев соғыста жаяу қшып, жолдасына беріпті мінген атын» деп тегін айтылмаса керек.

Сондай-ақ Бөгенбай батыр жайындағы деректердегі оқиға желісінің барлығында қазақ халқының бүгінгі күнде сақалған әдет-ғұрып, салт-дәстүр, діни каным-сенімдері мен батырдың ата-анасына, ағайынуысына, бауырына деген мейірімділік қарым-қатынасы айқын көрінеді.

Бөгенбай батырдың ер тұлғасы да ерлік істері де, батырлық өнері де оқушылардың қиялына қанат бітіріп, үлкен істерге итермелейді. Батырдың бұл ерлік ісін қазақ халқын патриотизмнің көрсеткіші деп тану керек, өйткені Бөгенбайдың патриотизмі әздігінен қалыптаса қойған жоқ. Ол халық тәрбиесінің негізінде қалыптасты. Бөгенбайдың ерлігі - өзінің ұлтына, Отанына деген сүйіспеншілігінің көрсеткіші. Туған елін әркез есте сақтауы, ел басына түскен ауып күйге қатты назалануы, жау қолында кеткен халқын босатып алу үнін жорыққа аттануы оқушылардың әрбіріне үлгі-өнеге.

Сонымен қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалар мен сол оқиғаларға тікелей қатысты, елін, жерін қорғау жолында жан аямай кескілескен қазақ батырлары мен сондай батырлардың бірі, бірі болғанда да бірегейі Бөгенбай батырдың батырлық іс-әрекеттері мен ерлік мұраларына жасаған талдау олардың патриоттық тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екендігін дәлелдейді:

- қазақ халқының басынан өткен оқиғалар мен корген қиыншылықтар қазақ батырлары мен Бөгенбай батырдың ерлік істерін нақты өлшемдер арқылы сұрыптауға бағыт-бағдар береді, туған елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншілікке баулиды;

- оқушының тұлғалық патриоттық қасиетін (адамгершілік, гумандық, интернационалды) қалыптастырады, адами асыл қасиеттерге тәрбиелейді, Бөгенбай батырдың ерлік мұрасының мән-мағынасын дұрыс бағалай білуге үйретеді;

- батырларға тән патриоттық қасиеттерін (отансүйгіштік, іумандық, қарапайымдылық, қайырымдылық, жаужүректік, табандылық, шыдамдылық, ержүректік, кеңпейілділік, инабаттылық, қырағылық және т.б.) көре білуге, жақсыдан жаманды,

жауыздықтан қайырымдылықты айыра білуге көмектеседі, табандылыққа, төзімділікке баулиды;

- Бөгенбай батырдың ерлік мұрасы зерделей отырып, патриоттық істерді эмоциялық эсермен қабылдай білуге үйретеді, моральдық этикалық мәдениетті меңгереді, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды сыйлай білуге дағдыландырады;

- Бөгенбай батырдың ерлік мұрасы өз халқының өткеніне құрметпен қарап, оның «мәдени мұрасына» аялы көзқарасын, мақтанш сезімін қалыптастырады;

- мұғалімдер үшін патриоттық ~ адамгершілік тәрбиесін жүзеге асырудың таптырмас құралы болып саналады.

Мұғалімнің міндеті - оқу-тәрбие процесінде барлық формалар мен әдістерді тиімді пайдалана отырып, әрбір оқушының санасына халықтың ең тамаша ұлттық қасиеттерін көрсететін Бөгенбай батырдың ерлік мұрасының байлығын жеткізу болып табылады.

Сонымен қазақ халқының басынан өткен тарихи, қоғамдық-әлеуметтік, саяси жағдайларды және Бөгенбай батырдың ерлік мұрасының осы педагогикалық мүмкіндіктерін ескере келе, біз мектеп оқушыларға патриоттық тәрбие беру мақсатында оларға мынадай өлшемдер арқылы сұрыптау жүргіздік:

1. Қазақ халқының жеке дара мемлекет болып қалыптасу кезеңіндегі жонғар шапқыншылығының үш ғасыр бойына бірнеше дүркін шабуыл жасауын тоқтатпауы. Оның шарықтау шегінің XVIII ғасырға келіп жетуі. Тарихта «Ақбабан шұбырынды» атымен әйгілі болған 1723 жылғы қанды қырғын мен 1757 жылғы Жонғар қақпасы тұсында жауға соңғы тойтарыс беріліп қазақ елінің Ұлы жеңіске жетуі.

2. XVIII ғасырдағы Ресей мен Қытай сияқты ірі мемлекеттердің қазақ елінің тұтастығы мен нығайуына қарсы ұстанған кері саясаты.

3. Орыс казактары мен Торғауыт қалмақтары секілді басқа да жаулардың «жау жағадан алғанда бөрі етекпен алудың» керін келтіріп отыруы.

4. пылоб текелмем сәтүртіб нышығдынах қазақ қалыптасып нығайуына қоғамдық әлеуметтік ішкі саяси жағдайлардың ықпалы.

Сұрыпталған батырлар бойындағы ерлік мұрасының педагогикалық мәні мынада:

- мектеп мұғалімдеріне қазақ батырларының ерлік мұрасының атқаратын рөлін дұрыс көре білуге үйретеді;

- сұрыпталған материалдарды әр сыныпта өз орнымен пайдалануға дағдыландырады;

- мектеп оқушыларын Бөгенбай батыр туралы мәліметпен толық танысуға және таныстыруға көмектеседі;

- Бөгенбай батырдың ерлік мұрасын қабылдай отырып, патриоттық қасиеттерді дұрыс қабылдауға және оны күнделікті өмірде пайдалана білуге тәрбиелейді.

Әдебиеттер:

1. Педагогика. Курс лекций. / под ред. Хмель Н.Д. – Алматы, 2002. -299с.
2. Педагогика. Курс лекций. / под ред. Хмель Н.Д. – Алматы, 2002. -299с.

3. Габитов Т.Ф., Мутэлшов Ж.М., Кулсариева А.Т.. Мәдениеттану. Жогары оку орны мен колледж студентерше арналган окулык. - Алматы, 2003. - 408 б.
4. Узакбаева С. А. Тамыры терен тәрбие. - Алматы: Бшм, 1995.-154б.
5. Бижанов А., Касенов У., Жусупов С., Дьяченко С. Казахстанский патриотизм как ведущий фактор консолидации общества на этапе становления и развития Республики Казахстан как суверенного государства. - Алматы, 1996.-19 с.

Рецензент: д.пед.н., профессор Жумажанова Т.К.